



№1 (163), 2022
(Қаңтар-Январь)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Г. ПРНАЗАРОВА

Ұлағатты ұстаздың жарқын бейнесі мәңгі есімізде!3

Б. БЕЙСЕКЕЕВА

Жарқын жүзіңіз – мәңгі есімде қалады!4

Н. БИГАЗИЕВА

Мектепте ұстаздың кәсібі құзыреттілігін табысты дамытуға
арналған психологиялық-педагогикалық ахуал5

Б. МИЗАМИТОВА

Діни аддикцияның алғы шарттарын анықтау арқылы
оқушыларды радикализмнен сақтандыру12

А. ДУЙСЕБЕКОВА

Бала тәрбиесіне бей-жай қарамайық15

И.В. ГУСЕВА, А.Д. ЧЕН

Психологическое исследование. Обеспечение равного
доступа к качественному среднему образованию17

А.В. ПЕТРЯКОВА, А.Ж. МУКАНОВА

Психологические особенности подросткового возраста22

С. МАЗАНОВА

Помощь младшим школьникам с задержкой психического
развития25

Э.Б. МАСАЛИМОВА

Профилактика стрессоустойчивости педагогов28

С. ЖАҚЫПБЕКОВА

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін клубтық
іс-әрекеттер арқылы қалыптастыру34

Г. ҚОЖАЛЕПЕСОВА

Құм терапиясы (Sand play)37

Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы
«Мектептегі психология» журналында 2021 жылы
жарияланған материалдар тізімі40

Список опубликованных материалов в республиканском
научно-теоретическом и прикладном журнале
«Психология в школе» за 2021 год40

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –
Ақнұр ОЛЖАЕВА

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды
21. 01. 2022 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел :

8 777 303 37 67.

Эл. пошта:

pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print
House GERONA>>
типографиясында
басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және
беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

О. Саңғылбаев – психол. ғ.д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ.д.,
проф. (Алматы, «Қайнар»
Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал
МГУ им. М.В. Ломоносова)

М.П. Кабакова – канд. психол. н.,
доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ.к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ.д., проф.
(Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Б. Елеусінов – проф.
(Қызылорда, «Өрлеу БАҰО» АҚ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Учредитель:
ООО «Педагог LTD»

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от
20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 21. 01. 2022 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Адрес редакции: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.
Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
Моб. т. : 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Саптаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Ұлағатты ұстаздың жарқын бейнесі мәңгі есімізде!

Г. ПРНАЗАРОВА

Қазақстандағы психология ғылымының дамуы туралы айтқанда ойыма ең алдымен Құбығұл Бозайұлы Жарықбаев түседі. Себебі, қазақ жұртына психология ілімінің не екенін кеңінен түсіндіріп, жік-жікке бөліп іріктеп берген осы кісі. Менің де психология әлеміне деген махаббатымды оятқан осы кісі болатын.

Қ. Жарықбаевпен алғаш 2009 жылы 26 наурызда Алматы қаласында өткен «Білім беру ұйымдарында психологиялық қызмет көрсетудегі іс-әрекеттің ұйымдастыру-әдістемелік негіздері» атты тақырыптағы Республикалық семинарда таныстым. Бұл семинарда еліміздегі педагог-психологтардың өзекті мәселелері ортаға салынып, мектептерде осы қызметтің рөлін атқару, педагог-психологтардың кәсіби деңгейін көтеру және жетілдіру мәселелері кеңінен талқыланды. Сол семинарда менің баяндамам Қ. Жарықбаевтың ықыласын аударды. Қарапайым ауылдан шыққан психологты тыңдап және менің еңбегімді бағалап, мақалалайымды жарыққа шығарды.

2011 жылы Қ. Жарықбаев ҚазҰМУ психология кафедрасында өткен семинарға мені арнайы шақырып, ол жерде психология бойынша өзекті мәселелер талқыланды. Сол жылы ол кісі мені «Мектептегі психология» журналының редколлегия мүшесі қатарына қосты.

Құбығұл Жарықбаевтың еңбектері әлі талай ұрпақтың санасын оятып, білімін шыңдауға көмектесері анық. Ол Қазақстанда психология ғылымының даму тарихын үш кезеңге бөліп қарастырды. Бірінші кезең – Кеңес үкіметі орнағанға дейінгі қазақ психологиясы. Бұл кезең психология ғылымының ілкі бастауы (15-20 ғ.ғ.) болса, екінші кезең марксистік кеңестік психология деп аталады (1920-1990) үшінші кезең – Егемен тәуелсіз Қазақстанда қалыптасқан ғылыми психология дамуының жаңа кезеңі (1991-2006). Атап айтатын болсақ, «Қазақстанда төңкеріске дейінгі педагогикалық ой-пікірдің қалыптасуы және дамуы», «Қазақстанда психологиялық ой-пікірдің қалыптасуы мен дамуы» және т.б. бірнеше монографиялық еңбектердің авторы. Оның қазақ психологиялық терминологиясының мәселелері туралы тұжырымдары және зерттеу еңбектері өз алдына бір төбе.

60-жылдардың бас кезіне дейін Республикада қазақ тілінде психоло-

гиядан оқу құралдары болмады. 1962 жылы алғаш қазақ тілінде «Мектеп» баспасынан Қ.Б. Жарықбаевтың «Психология» оқу құралы жарық көрді. Бұл оқу құралы кейіннен бірнеше рет өңделіп, қайта басылып шықты.

2005 жылы жоғарғы оқу орнына арналған «Психология негіздері» оқулығы қазақ бөлімі студенттерінің қолынан түспейтін кітабы болды.

Ғасырға жуық өмірінде соңынан өшпес із қалдырып кетті. Жаның жәннәтта шалқысың, ұлағатты ұстаз!

Жарқын жүзіңіз – мәңгі есімде қалады!

Б. БЕЙСЕКЕЕВА

Психология ғылымдарының докторы, п.ғ.д. профессор, академик Жарықбаев Құбығұл Бозайұлының өмірден өтуіне байланысты отбасына, туған-туыстарына, қалың оқырмандарына, шәкірттеріне, аталған журналдың бас редакторлары Құстанова Гүлжанат Шаймерденқызына, Олжаева Ақнұр Қайнарқызына және де журналдың редакциялық алқасына марқұмның рухы шат болсын дей отырып еске алу мақаласын ұсынамын.

Ең алдымен Құбығұл Бозайұлы Жарықбаев ағамыз – үлкен әріптен басталатын ұстаз еді...! Ол кісінің қарапайымдылығы, білімге, өмірге құштарлығы мен білімділігі, адамдарға деген жанашырлығы, кішіні сыйлай білуі, керек кезде дұрыс бағыт-бағдар беріп қолдай білуі, бұл – ол кісінің кейбір адамдарда кездесе бермейтін үлкен адамгершілік иесі екенін білдіретін. Психология саласындағы көптеген жазған еңбектерін оқып, біліп жүріп нәр алдық, әрбір педагог-психолог жоғары білім орындарында оқи жүріп осы ағамыздың еңбегімен танысып, оқып, білімімен сусындай жүре елімізде осындай үлкен ғылым иесі барын білдік!

Мен 2006 жылдан бастап «Мектептегі психология – Психология в школе» Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журналын осы кезге дейін жаздырып алып келемін. Көптеген мақалаларым да жарияланды. Сол еңбектерімді бағалап 2011 жылдан бастап осы аталған журналдың редакциялық алқасының мүшесі болдым. Осы жылдардан бастап мен Құбығұл Бозайұлының журналдың ғылыми редакторы екенін және осы кісінің журналдағы материалдарға қоятын талабы арқылы

шығармашылықпен жұмыс жасауға ұмтылыс жасай отыра, бірнеше оқу-әдістемелік құралдардың авторы болдым және де сол жұмыстарыма Құбығұл аға жетекші болған еді. Осы жұмыстарды жүргізу барысында мен ол кісінің шәкіртіне талап қоя отыра шығармашылық жұмысты жасаудағы біліктілігін басқаға үйретуден аянбайтын үлкен әріптен басталатын ұстаз екенін байқадым және ол кісімен біріге отыра жұмыс жасау маған бір үлкен шыңдарға жетелегендей әсер қалдырған еді... Қамшының сабындай өмірде артына үлкен із қалдырған Психология ғылымдарының докторы, п.ғ.д. профессор Қ.Б. Жарықбаев ағамыздың өмірден озуы – біздер үшін орны толмас үлкен қайғы... бірақ та «ағамыздың кеткенімен, жарқын бейнесі, сөзі, артында қалдырған мол рухани мұрасы мен азаматтық тұлғасы, өнегелі істері мәңгі жүрегімізде жатталып, есімізде қалады!

Мектепте ұстаздың кәсіби құзыреттілігін табысты дамытуға арналған психологиялық- педагогикалық ахуал

Н. БИГАЗИЕВА

Мақсаты: Ұстаздың кәсіби құзыреттілігін табысты дамытуға арналған психологиялық-педагогикалық ахуал тудыруға ықпал ету;

Міндеті:

- Ұжым мүшелерінің жұмыс белсенділігін арттыру, оқушылармен қарым-қатынаста өзара түсіністікті дамыту, өздеріне сын көзбен қарауға шақыру;
- Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыра отырып шеберлікті шыңдау;

Күтілетін нәтиже:

Білімдер мен білік дағдыларды құзырлылық ұстанымдарының талаптарына сәйкес өздерінің меңгеруі және сол жолдар арқылы өздерінің ойлау жүйесін, шығармашылығын өнертапқыштығын, рефлексиялық машығының дамуына жол ашады.

Жаңа кезеңдегі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, осы терминнің дербес анықтамасын келтірейік: «Кә-

сіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекеті атқаруға теориялық және практикалық әзіреттілігі мен қабілеттілігінің бірлігі». Яғни, педагогтың құзырлығы – жеке тұлғаның білімі мен тәжірибесін нақты бір жағдайда қолдана білу іскерлігімен байланысты тұлға қасиетін білдіретін ұғым деуге болады.

«Құзыреттілік» ұғымының мағынасы кең, оған біліктілікті сипаттайтын таза кәсіби біліммен және іскерлікпен қоса, топта, әлеуметтік ортада жұмыс істеуге ынталылық, ынтымақтастық, қабілеттілік, коммуникативтік қабілет, оқу, бағалау, логикалық ойлау, ақпаратты алу және пайдалану, т.б. іскерлік жатады».

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық – белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі шарттары:

- Тұлғааралық және еңбектегі байланыс;
- Қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі;
- Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы;
- Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті;
- Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі;
- Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

Ертеңгі күнімізге аттамас бұрын бүгінгі ұстаздың кім екендігіне баға беріп көрейік. Бүгінгі мұғалім ата-ана, бала бағбаны, қоғам қайраткері. Мұғалім – оқытушы, мұғалім – ұстаз, мұғалім – оқулық авторы, мұғалім – технолог, мұғалім – жаңалықты дәріптеуші, таратушы.

1. Білім мекемесінде психолог мұғалімнің өзін-өзі жақсы тануына, өзіне бекем болуына, сенімді екендігіне көз жеткізуі шарт. Оны анықтау үшін сауалнамалар қолдануға болады.

2. Осы ұжымды жан-жақты зерттеп, тануы шарт. Ол үшін:

- ұжым мүшелерінің ауызбіршілігін зерттеу;
- ұжымға өз пайымдауынша мінездеме бере алу;
- ұжымның қарым-қатынасын зерттеу;

- ұжымның сол уақытта басқа мәселелерін ұмытып, өздерін еркін сезінуін қамтамасыз ету;

3. Зерттеу барысында жинақталған ақпараттарды сараптап, саралай келе, ұжымның белгілі бір портретін қалыптастыру арқылы, осы ұжымға тән дәстүрлі қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтай келе, ұжымның психологиялық (эмоционалды) ахуалына үнемі көңіл бөліп отыруының маңызы зор;

4. Психолог мектепішілік қарым-қатынастың мәдениетінің қолайлылығын қалыптастырып, мұғалімдердің жеке басының мәдениетінің жоғары болуына ерекше мән беруі оң нәтиже беретіндігін ескеруі тиіс:

- әр мұғалімге ерекше көңіл бөліп, бір-бірінен бөлмеу;
- әрбір мұғалімнің пікірін тыңдап, оны ескере білу;
- мұғалімдердің өзін-өзі дамытуға үлес қосу және даму барысында дұрыс баға беру;
- мұғалімдердің өзара қарым- қатынасындағы өзара түсінушілікке қол жеткізулеріне ықпал ету.

5. Білім мекемесіндегі психологиялық арналарының ең маңыздысына тоқталатын болсақ:

- қасындағы кез келген адамды мойындауы, оның пікірін тыңдап және оның мұқтажын түсінгендігін таныта білуі;
- талқыланатын мәселені айшықтап көрсете алуы;
- мәселе бойынша бірлескен көзқарасты орната білуі;
- ең маңызды мәселені көтеріп, сол бойынша;
- бірлескен шешім қабылдай білуі.

Психологиялық ахуалдың жақсы болуы мына факторларға байланысты:

- ұжым мүшелерінің өзара дұрыс қарым-қатынас орната білуі;
 - ұжым мүшелерінің бір-біріне қанағаттануы;
 - ұжымның тұрақтылығы;
 - жас, жаңадан келген мұғалімдерге адаптациялық жағдайдың болуы.
- Мектептегі жайлы психологиялық ахуалдың қалыптасу құралдары:
- адамға сый-құрмет көрсету;
 - адамға сенім арту, сену;
 - адамға деген біртұтас көзқарастың болуы;
 - ынтымақтастық пен бірлестіктің болуы;
 - жеке-дара адамның бабын табу.

Жақсы нәтижелерге жетіп, үнемі шығармашылықпен еңбек ететін мұғалімдер марапатталып, еңбектері еленіп, тиісті бағаланғаны жөн. Осындай психологиялық арналармен жұмыс істей білген психолог педагогикалық ұжымның көпшілікке жақсы нәтижелерімен танымал болып,

өз дәрежесінде еңбек ететіндігін көрсетіп, үнемі жоғары бағаланатын болады.

Қорытынды:

«Бақыт деген не?» деген сауалдың «Бақыт деген таңертең жұмысқа, кешкісін үйге асығу» деген жауабын естіген шығарсыз. Расында да, сүйікті жұмысымызға, әріптестерімізге ақ көңілімізбен асығып жетсек, жұмыстан соң жылы ұямыздың шуағына кенелу үшін асыққанымыз, көңіліміздің тыныштығын білдірмей ме?

Оқушыларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің маңызы

А. АБИЛДАЕВА

Баланы еңбекке тәрбиелеу отбасынан басталып, мектепте еңбектің қарапайым міндеттері жайлы түсінік қалыптасады. Еңбек адамның психикасы мен адамгершілік түсініктерін қалыптастыратын құрал болып табылады. Еңбек ету оқушылардың табиғи ақыл-ой және дене қызметінің қажеттілігіне айналуы тиіс. Адамның адам болып қалыптасуының құралы – еңбек. Еңбек арқылы адамның шығармашылық қабілеті қалыптасады. бүгінгі таңдағы қоғам қажеттілігі - жас ұрпақтың бойында еңбекке ынталандыруды тәрбиелеу, болашақ еңбек жолын дұрыс таңдауға баулу.

А.С. Макаренко «Ой еңбегі мен дене еңбегінің арасында айырмашылық жоқ, өйткені қандай да еңбек ойсыз өзінен-өзі келетін еңбек емес, ең алдымен ақылға қонымды шығармашылық еңбек болуға тиіс», «Баланың еңбексүйгіштігі жаратылысында емес, оның негізін тәрбие қалайды» десе, Ал Н.К. Крупская «Еңбек етуге әдеттену – бұл жай ғана еңбекке үйрену емес, бұл адамгершілікті тәрбиенің жоғары деңгейі, еңбек процесіне құштарлық, еңбек етуге әзірлік, жұмысты істей білу қабілетін дамыту» деген. Ал Ыбырай Алтынсарин «Еңбек етсең ғана көздеген мақсатыңа жетесің» дейді. Оның «*Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш*» әңгімесінде әрқайсысы өзінше тамақ табумен шұғылдануда, еңбек етуде, өмір сүру үшін күресуде. Әңгімеде атасы өзінің кішкентай баласымен осы жөнінде кеңеседі.

- Анау өрмекші көремісің не істеп жүр?

- Көремін өрмек тоқып жүр.

- Анау құмырсқаны көремісің?
- Көремін аузында бір нанның уалшығы бар.
- Жүгіріп кетіп барады.
- Жоғары қара аспанда не көрдің?
- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар.
- Сонда атасы айтты:

Олай болса, шырағым, бұл кішкентай жәндіктер саған әбірет. Өрмекші маса-шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң өзіне азық етуге, құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң өзі жемей аузына тістеп, қуанып үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де босқа жатпа, жұмыс жасауға әдеттену керек», - деді.

Отандық педагог ғалым Г. Уманов баланы жасынан еңбекке үйретудің тәрбиелік жүйесін құрған. Тәрбие ісінде орынсыз ағаттықтар жібермеу керек дейді. Чехия, Венгрияда, Болгарияда, Германияда балалар еңбекке ерте араласады, олар ата-аналарымен бірге мемлекеттен жалға алған жеке қожалықтарда жұмыс істейді, ол шаруашылықтар бай және жұмыс қолына өте зәру болады. Балалар сөз жүзінде емес, іс жүзінде ерте жастан еңбек етуге тартылады. Ерте жастан еңбекке баулу отбасы мен ел экономикасына үлес қосып жүрген балалардың жеке тұлға ретінде дамуына игі ықпал етеді.

Еңбек тәрбиесінің мәні – оқушының бойында осы заманғы техникамен, технологиямен жұмыс жасау, өндірісті ұйымдастыруға байланысты ептіліктер мен дағдыларды қалыптастыру, еңбекке сүйіспеншілік көзқарас, ынта-ықылас, сый-құрмет сезімдерін тәрбиелеу, еңбек етуге психологиялық, физиологиялық дайындықтарын қамтамасыз ету. Жалпы ауылдық жерлерде балаларды еңбекке ерте араластырады. Ер баланы қозы, лақ қайтару, отын-су әзірлеу, мал өнімдерінен тұрмысқа қажетті құрал-жабдық жасау (қамшы, шідер, жүген өру, тері илеу, қару-жарақ жасау, т.б.), қора салу, киіз үйдің ағашын дайындауға, ұсталық, зергерлік өнерге баулуға бағытталған жұмыстар жасауға үйретеді. Қыз балаларды үйдің ішін жинау, ыдыс-аяқты жуу, кесте тігіп, өрмек тоқу, ас пісіріп, баланы бағуға, қонақты күте білуге үйретеді. Қазіргі таңда мектепте «Көркем еңбек», «Технология» пәндері арқылы еңбекке баулиды. Бұл пәндер арқылы еңбекке көзқарасы, сүйіспеншілігі, тәртіптілігі, табандылығы, жігерлілігі, ұстамдылығы, ұжымшылдығы қалыптаса бастайды.

Қол еңбегі – алуан түрлі материалдардан: картоннан, қағаздан, ағаштан, табиғи материалдан (ағаш бүрінен, емен жапырағынан, сабаннан, ағаш қабығынан, жүгері сабағынан, шабдалы сүйегінен) тері, қауырсын, мүйіз, жүн, мата қиқымдарың, темір-терсек және т.с.с. пайдалана оты-

рып тұрмыстық шаруашылық процесінің қажетті бұйымдарын жасау – балалар бақшасының ересектер тобында жүзеге асырылады. Балалар өздеріне қажетті ойыншықтар, қазақ үйдің сүйектерін жасап, бояйды, үй жиһаздарын, ұлттық киім үлгілерін пішіп, тігеді, төрт түлік малдардың бейнесін жасайды. Оларды дайындау барысында балалар ұлттық оюлар, нақыштар, өрнектермен танысып, әр түрлі бұйымдар жасайды. Мұндай нәрселер туған-туыстарға, достарға жақсы тарту болуы мүмкін. Мұның адамгершілік тәрбие беруде зор маңызы бар, ол балаларды маңайындағыларға ықыласпен қарауға үйрете отырып, соларды риза ету үшін еңбектендіреді. Қол еңбегі балалардың құрастыра білу, ойлап шығару қабілетін, шығармашылығын, қиялын дамытады.

Оқушыларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, ой-өрісін дамыту, біздің елімізде тұратын басқада халықтардың қол өнерге деген қызығушылықтарымен таныстыру. Қолөнер ерекшеліктері туралы оқушыларға түсінік беріп, іскерлік пен шеберлікке баулу. Өнер туралы сөздік қорын байыту. *«Өнер таусылмас азық, байлық»* дейді ғой халық даналығы. Қазақтың қолөнері шын мәнінде халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен асыл қазынасы. Оқушыларды қол-өнерге баулу, өнерге деген қызығушылығын, шығармашылығын арттыру. Оқушыларды жинақтылыққа, төзімділікке, икемділікке, ұқыптылыққа тиянақтылыққа, тазалыққа, тәрбиелеу. Бала тәрбиесі – ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын ізгі қасиеттер жиынтығы, ол ересектердің махаббаты мен қамқорлығына негізделеді. Тәрбие балаға ана сүтімен беріледі. Еңбекке баулу отбасынан басталады. Ата-аналар баланың өздігінен еңбектену білу дағдысын жетілдіруге көңіл бөледі. Баладан гигиеналық ережелерді сақтауды, киіміне ұқыпты болуды, үйде реттілікті талап етеді.

Еңбек іс-әрекеті материалдық заттар жасауға, оларды сақтауға, көбейтуге бағытталған. Түрлері: өзіне-өзі қызмет көрсету, қоғамдық пайдалы және өнімді еңбек. Көркемөнер іс-әрекеті эстетикалық дүниетанымды дамытып, әдемілікке сұранысты туғызып, әдемі ойлауға үйретіп, нәзік сезімге бөлейді.

Қоғамдық іс-әрекет оқушының әлеуметпен байланыс орнатуына көмектесіп, азаматтың бет-бейнесін қалыптастырады. Қарым-қатынастық іс-әрекетке бос уақытты ұйымдастыру арқылы үйретіледі. Іс-әрекетке үйрену үшін оқушы үлгілерге қарап жұмыс істеп, жаттығулар орындайды.

Ы. Алтынсарин өз шығармаларында ол қабілеттің еңбек үстінде қалыптасып дамитындығын айтса, ал әрекет – еңбектің жай формасы ретінде түсіндіреді. Еңбек – аса күрделі процесс. Ол екі түрде дамиды, біріншісі – дене еңбегі, екіншісі – ой еңбегі. А.Д. Сазанов: «Оқушыны еңбекке тәрбиелеуде тек жұмысқа дайындық қана алмайды, ол еңбек тәрбие алады, адамдарға қарым-қатынасы қалыптасады», - деп есептеген. В.А. Сухомлинский: «Еңбек тұңғыш азаматтық сезімді оятса, онда ол ұлы тәрбиешіге айналады», - дейді.

Оқу еңбегі ақыл-ой және дене еңбегінен құралады. Ақыл-ой еңбегі қажырлы күш-қуатты, төзімділікті, ыждахаттылықты талап етеді. Күнделікті ақыл-ой еңбегіне әдеттену, басқа еңбек түрлерін меңгеру үшін де маңызды. Еңбек пәні оқу бағдарламаларында шеберханаларда, мектеп учаскелерінде дене еңбегімен шұғылдану ескерілген. Дене еңбегі барысында балалардың адамгершілік, ұжымшылдық, өзара көмек көрсету, адамдарды және еңбек нәтижесін құрметтеу қасиеттері пайда болады. Еңбек тәрбиесі оқу еңбегінің шығармашылық белсенділігі мен нәтижелілігін, азаматтық және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуының іргетасын қалайды.

Оқушылардың еңбегін оқу, қоғамдық-пайдалы және өнімді еңбек мақсатын көздейтін оқу-тәрбие міндеттеріне үйлестіру керек. Осындай еңбек түрлерінде оқушы білік пен еңбек дағдыларын тәжірибеде қолданды үйренеді.

Еңбек тәрбиесінің міндеттері отбасында, үйірме жұмыстарында қосымша білім мекемелерінде жүргізіледі. Қоғамдық мәні бар еңбекті, оқушы қызығушылығын ескере отырып, бірге қарастыру керек. Жеке басы, отбасы, қоғам үшін атқаратын еңбегінің пайдасын түсінуі тиіс. Еңбектің маңызын түсіндіру, олардың жас ерекшеліктеріне, жеке бас қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес жүргізіледі. Атқарылатын еңбек баланың әл-қуаты мен күшін ескеруі қажет. Шамасы келмейтін жұмыстан нәтиже күтуге болмайды. Ондай жұмыс оқушылардың өзіне деген сенімін төмендетеді. Дейтұрғанмен де, атқарылатын жұмыс олардың шамасы келетін күш-қуатын жұмылдырып, өз қабілеттері деңгейінде орындалуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Майгаранова Ш., Иманбаева С.Т. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. Екінші басылым. – Алматы. 2016, 145 б.;
2. Шалғынбаева Қ.Қ. Қазақ халқының еңбек тәрбиесі дәстүрлерін үздіксіз білім беру жүйесінде пайдалану тұжырымдамасы. – Алматы, 2004. - 25 б.

Діни аддикцияның алғы шарттарын анықтау арқылы оқушыларды радикализмнен сақтандыру

Б. МИЗАМИТОВА

Мақсаты: діни экстремизмнің қалыптасу жолдары мен қоғамдық құрылысқа тигізер ықпалын анықтау.

Міндеті: қоғамдағы діни экстремизмнің жеке мүдделік бағыт-бағдарымен негізгі мақсатын түйсіну. Одан оқушыларды сақтанудың жолдарын алдын ала ұйымдастыру жақтарын қарастыру.

Аддикция (ағылш. *addiction* – тәуелділік, жаман әдет) – адамның бір белгілі әрекетке мұқтаждығы. Сондай-ақ, аддикцияны патологиялық құштарлық десе де болады, себебі бұл әрекет көбіне тұлғаны психикалық ауруларға және жеке немесе әлеуметтік қиындықтарға соқтырады. Терминді көбіне дәрілік тәуелділік, есірткіқұмарлыққа қолданылады. Алайда, қазіргі заманда басқа да химикалық емес тәуелділіктер көбейген, мысалы, Фаламторға тәуелділік, ойын құмарлық, шопоголизм, психогенді артық тамақ жеу, фанатизм және т.б. Басқа жақтан, аддикция – адамның қоршаған ортаның қиындықтарына адаптация ретінде қабылдауға болады. Ең қарапайым аддикция нысандары – темекі шегу мен алкогольдік ішімдіктер. Олар адамды уақытша алдамшы ұнамды қалыпқа келтіреді. Қазіргі заманда аддикция – бүкіл әлемдегі өзекті мәселелердің бірі болып есептеледі.

Бүгінгі біздің қарастыратын мәселеміз діни аддикция, яғни дінге тәуелділік.

Діни аддикция – көптеген адамдар дәстүрлі емес ұйымдарға психикалық дағдарыс жағдайында түседі. Дәстүрлі емес ұйымдар осындай жағдайда қабілеттілікті жетілдіруде, жан вакуумын толтыруда, мазасыздықты төмендетуде, сұрақтардың тез және соңғы шешілуінде қолданады. Дәстүрлі емес ұйымдар бақылауға тырысады. Шексіз билігі болады. Кейде діни тәуелділік «Өз еркін», «Құдайға құрбандыққа шалу» тұжырымдамаларын жасырады. Адам мұндай әрекетке бармайды. Ол кеңес беретін және мәселені тез шешетін адамды іздейді. Осындай діни

аддикциядан оқушылардың жетегінде кетуден сақтандыру – бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі.

Бүкіл әлемнің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және рухани жағдайына ықпал етіп отырған діни экстремизм мен терроризм – ХХІ ғасырдың ең бір өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Террорлық актілерге итермелейтін антогонизмдер және қайшылықтар өсе түсуде. Қазіргі кезде діни лаңкестік бір ғана аймаққа, бір ғана мемлекетке тән нәрсе болмай отыр. Әлемдік дәрежеде лаңкестікке апаратын діни экстремизм жалғаса түсуде. Түрлі топтар осыны пайдалану арқылы саяси-экономикалық мәселелерді шешуге тырысуда. Бұл ретте Қазақстан Президенті: «Қазақстанда терроризм, сепаратизм және экстремизм проблемалары бар», - деп түсіндірді.

Оқушылардың арасында экстремизм, лаңкестіктің алдын алу бойынша ұйымдастырылған жұмыстар.

Экстремизмге қарсы күрестің бірден-бір жолы – олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру. Бұл жерде әрине күнделікті ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары. Әйтседе жасөспірім балалар үшін ақпарат құралдарының беретін мәліметі де жеткілікті емес, секталардың, экстремистік топтардың қауіпі туралы жастарды көбірек хабардар етіп отыру қажет. Ол үшін барлық мектептерде «Дінтану» сабағымен қоса мамандар қауіпсіздік сабақтарын өткізіп, онда экстремистік топтарды, тоталитарлық секталарды қалай білуге болатынын түсіндіріп, олардан қалай сақтану жолын көрсетіп отыру керек деп ойлаймын. Дәстүрлі емес діни бірлестіктерден келетін қауіп-қатерден оқушыларды сақтандыру мақсатында «Діни экстремизм және терроризм» бағыты бойынша мектепте жоспар жасалынған, жұмыстар үнемі жүргізіледі. Экстремизм және терроризмдік қылмыстарды алдын алу мақсатында мектепшілік түсінік жұмыстар жүргізіліп, дәрістер оқылып, оқушылар арасында құқықтық, тәрбиелік-идеологиялық түсіндіру шаралары жүргізілді.

Біздің басты мақсатымыз – барлық мүдделі орындар, ата-аналар, мектеп ұжымы болып, бірлескен іс-қимылымызбен жастарды еліміздегі дін бостандығын орнымен қолдануға, халқымыздың сан ғасырлар бойы ұстанған қалыпты діни сенім мен нанымына селкеу түсірмеуге, мәдениетке, достыққа, бірлікке патриотизмге шақыру.

8-11 сынып оқушыларына «Алданған әйел» бейнефильмі көрсетілді. Жас ұрпаққа діндер тарихы мен оның құндылықтары, рухани астары туралы мәліметтер берілді.

Әр түрлі тақырыптарда сыныптан тыс шаралар кештер, дөңгелек үстелдер, ашық тәрбие сағаттары үнемі өткізіледі.

«Бала тәрбиесіне байыппен қарайық!» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізіліп, ата-аналарға кеңестер берілді. Сонымен қатар ата-аналар дәстүрлі емес діни ұйымдардан өз балаларын аулақ ұстау барысында олармен әңгімелер жүргізіліп отыратыны және үнемі балаларын бақылауда ұстайтыны, олардың дос-жолдастарының да мұндай жолдан сақ болуына көңіл бөліп отыратыны анықталды. «Өз балаңызды қалай қорғауға болады?» жадынамасы, бала құқығын қорғау жөнінде сенім телефондары таратылып берілді. Әр сыныпта имандылық сағаттары уақтылы өтіп отырады. Оқушылардың жан-жақты, қасиетті дінімізді, қастерлі салт-дәстүрімізді танып білетін, тілін тани-тын, саналарын оятар мақсатпен «Қылықты қыз – құндыз, ұлықты ұл – жұлдыз» атты жиналыс болды. Мектебімізде «ЖасҰлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы оқушыларды әдептілікке, инабаттылыққа, жалпы адамгершілік қасиеттерге баулитын іс-шаралар ұйымдастырылуда. Оқушыларды радикалды діни ағымдар идеяларының кері ықпалынан сақтандырудың басты жолы – олардың бос уақытын тиімді пайдалану. Жастардың түрлі қылмыстық элементтерге бой алдырмауына, бос уақыттарын тиімді пайдалану, олардың арасында патриоттық сезімдерін ояту мақсатында түрлі спорттық-мәдени шаралар, лекциялар, қызықты ойындар ұйымдастырылды. Мектебімізде бірнеше үйірмелер жұмыс істейді. Оқушылар әсіресе, спорт жағына көп қызығады. Мұғалімдердің түнгі кезекшілікке шығу кестесі құрылған. Оқушыларға ислам, діни экстремизм, лаңкестік ұйымдардан сақтану, ата-ананы құрметтеу, ұстаздар мен оқушылардың өзара сыйластық қарым-қатынасы туралы жан-жақты түсіндірді. Сонымен өткізілген шаралардың ең тиімдісі – оқушылармен тікелей кездесіп, түсіндіру жұмысын жүргізу. Оқушыларды радикалды діни ағымдар идеяларының кері ықпалынан сақтандырудың басты жолы – олардың бос уақытын тиімді пайдалану. Десек те, дін атын жамылған экстремистік және террористік идеологиялардың таралу үрдісі соңғы кездерде бүкіл әлемде кең көлемді сипат алуда, бұл адамзат қоғамның тұрақтылығына төнген айқын қауіп болып отыр.

Қорытынды.

Бала тәрбиесіне бей-жай қарамайық

А. ДУЙСЕБЕКОВА

«Ел боламын десең – бесігіңді түзе», - деп заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезов айтқандай, жас жеткіншектердің бүгінгі өмірі талабына сай түрлі білімді игерген, саналы іс әрекетті жүзеге асырушы жеке тұлға ретінде қалыптасқан азамат болып жетілуіне бүкіл ел болып ат салысуымыз қажет.

Жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесі заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге байланысты. Қазіргі қоғам үйлесімді жетілген жаңа адамды тәрбиелеуді талап етіп отыр. Қоғам талабы-заман талабы, өйткені «Әр адам-өз заманының баласы», «Заман түзелсе, жаман түзеледі» деп халық педагогикасы тәрбиенің заманға, қоғамға, оның материалдық, рухани байлығына тәуелді екенін деп басып жеткізген.

Отбасының тәлім –тәрбиесінің мақсаты – баланың жасын, жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақ тәрбиелеу. Аталған нысанаға жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді.

- Отбасында баланың өсіп жетілуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, нығайту, бекіту. Тазалық дағдыларын қалыптастыру.

- Отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысып түсінуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туған-туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету.

- Оқудың, білім алудың, мәдени мінез-құлықтың, әдет-дағдыларын қалыптастыру.

- Отбасында баланың икемділігі мен қабілетін байқап, кәсіптік жағынан бағдарлау.

- Баланың ақылына, күшіне, біліміне сай берілген тапсырманы талапты орындауға дайын болуға дағдыландыру. Бақылау, тексеру, бағалау.

- Тәртіптілікке, ұқыптылыққа, жауапкершілікке, ойшылдыққа, сергектікке, естілікке, т.б. баулу.

- Өзін-өзі тәрбиелеуге, дербестікке, шығармашылыққа өріс ашу.

Осылардың бәрі халықтық педагогика негізіне сүйене жүргізіледі. Жас ұрпақты осы тұрғыда тәрбиелеуде отбасы маңызды орын алады. Отбасы – адамзат бесігін тербеткен ұя болса, «Баланың бас ұстазы – ата-ана». Бұлар балаға отбасылық өмірдің алуан түрлі қыры мен сырын, тылсым дүние жұмбақтарын танытып, тағылым, талғамға, әдептілікке

баулиды. Себебі отбасы – таным бесігі, отбасы- өркениет ошағы, отбасы- үлгі-өнеге бастауы. Ата-ана күнделікті өмір тіршілігіндегі еңбегі, адамдық бейнелері, жақсы мінез-құлқы, дұрыс қарым-қатынасы арқылы балаға үлгі. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Әкеден-ақыл, анадан-мейір» алады.

Ата-ана баланың күнделікті еңбегін дұрыс ұйымдастырып, кездескен қиыншылықтарды жеңуге қол ұшын беріп отыру арқылы еңбек дағдысының беки түсуіне ықпал етеді, ұқыптылыққа, ойшылдыққа үйренеді. Олар баланың өзін-өзі тәрбиелеуіне басшылық етіп, айналасындағы адамдардың жағдайымен, талап-тілегімен санасуға үйретеді.

Сонымен, отбасындағы тәрбие мен қоғамдық тәрбие өзара тығыз бірлікте, халықтық педагогикадан бастау алып ғылымда дәлелденген нәтижелерге сүйене, тәрбие құралдары мен әдістері дұрыс таңдалып жүргізілсе, ізгілікті тәрбиенің негізі қаланбақ.

Ұлттық ерекшелігіміздің белгісін құрайтын қасиеттер – тәрбиенің алтын діңгегі екеніне мән бермей келгеніміз туралы көп айтылып та, жазылып та жүр. Сол олқылықты қалай толтырамыз, асыл мұраларымызды жоғалтпай, оның нәрін ана сүтімен беретін салт-дәстүрлерімізді, әдет-ғұрпымызды сақтау үшін ең алдымен бесігімізді түзеуіміз керек. Тәрбие тал бесіктен басталады. Дүниеге келгеннен бастап қазақ баласының бүкіл өмірі өлең-жыр, ән-күй аясында өтеді. Оқыту мен тәрбиелеу ісі бала туған күннен, бесік жырынан басталып, ананың бесік жырынан, баласына арналған тілектерінен, халықтың жан-жақты дамыған адамды тәрбиелеу туралы үлкен ойынан, идеяларынан көрініс тапқан.

Тығырыққа тірелген заман қыспағына бірінші кім түседі? Әрине, әлеуметтік жағынан қорғалуы аз отбасы алдымен ілінеді. Дегенмен, болашақ нұрлы өмір үшін тәрбиені ақсатпауымыз керек. «Бала жүрегі-бейне шарайна, сындырып алу жарай ма?» дегендей...

Қазір ұлттық тәлім-тәрбиеге мән беріп, өзіміздің ұлы ақын-ағартушыларымыздың тәрбие туралы тәлімдерін, педагогикалық талғамдарын оқу бағдарламамызда өзек етіп алып отырмыз. Кімнің нашар шәкірт тәрбиелегісі келер дейсіз, сондықтан мектепке, мұғалімдерге бір жақты пікір айту дұрыс емес дер едім. Баланың бүкіл болмысы, жан дүниесі отбасында қалыптасады.

Мектебі мен білім сапасы нашар мемлекеттің болашағы күңгірт, бұлыңғыр. Әсіресе, дүние жүзі енді-енді танып, мойындап жатқан біздің Қазақстан мемлекеті үшін білім нәрі ауадай қажет.

Бала тәрбиесі – баршаға ортақ. Кейбір ата-ана нарықты сылтауратып қара бастың қамымен жүріп, ұрпақ алдындағы өз міндетін ұмытып кеткен жоқ па екен?

Бүгінгі күннің бейнесіне байыппен ғана тағы бір көз салыңызшы. Жас ұрпақтың сапалы білім алып, өскелең өмірімізге лайықты адам болып шығуы – қазіргі өмір талабы.

Егеменді еліміздің болашағы – жас ұрпақтың ойы оралымыды, сапасы жоғары, тәрбиелі болып өсуі қажет. Сонда ғана «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөздің мән-мағынасын ұққандай болмаймыз ба? Уақыт талабының күннен-күнге күшейе түсуі және қоғам өміріндегі өзгерістер оқу-тәрбиеге жаңаша көзқараспен қарауды қажет етіп отыр.

Психологическое исследование. Обеспечение равного доступа к качественному среднему образованию

**И.В. ГУСЕВА,
А.Д. ЧЕН**

В настоящее время при переходе на дистанционное обучение, много говорится как об изменении подходов к обучению, о новом понимании результата обучения, так и о том, что для более качественного образования необходимо создавать условия – материальные, социальные, психологические, экономические, технические, кадровые, методические и пр.

С точки зрения материальных условий – в нашей школе все учащиеся обеспечены компьютерной техникой (компьютерами или ноутбуками). Школой была выдана техника опекаемым, учащимся из малообеспеченных семей и нуждающимся.

Психологические условия: в процессе обучения участвуют все учащиеся школы, в том числе и учащиеся с особыми образовательными потребностями. К психологическим условиям также относятся умение учителя выслушать ученика, поддержание учителем атмосферы равенства среди школьников, учет возрастных особенностей учащихся и т.д.

Мы решили остановиться именно на психологических условиях и узнать мнение учащихся о качестве образовательной деятельности нашей школы.

Исследование проводилось в форме анкетирования по следующим критериям:

1. Открытость и доступность информации при образовательном процессе;
2. Комфортность условий, в которых осуществляется образовательная деятельность;
3. Доброжелательность, вежливость, компетентность педагогов;
4. Трудности, с которыми сталкиваются учащиеся при ДО.

В анкетировании участвовали учащиеся 9-11 классов. В количестве 61 человек.

Результаты анкетирования следующие:

1. Насколько вам доступна и понятна информация, которую дает вам учитель на уроке?

Все понятно ответило 63,9% учащихся. (Учителя все хорошо объясняют и говорят, чтобы больше задавали вопросов, если что непонятно).

В некоторых моментах тяжело освоить учебный материал на 60-80% – ответило 29.5% учащихся. Ребятам приходится прибегать к дополнительным источникам для получения информации по теме урока. 4.9% учащихся считают, что усвоение учебного материала было бы лучше, если бы обучение проходило в традиционной форме, так как сами учащиеся выбирают легкие пути при освоении учебного материала (списать, выполнить тест). Трудно освоить материал без учителя, без закрепления на практике и его пояснений.

2. Укажите предмет, который вам тяжело усваивать при дистанционном обучении?

У 26,2% учащихся нет затруднений при освоении какого-либо предмета. (Вся информация понятна и доступна).

Сложности в усвоении учебного материала возникают по следующим предметам

Алгебра 57.3%	Химия 14.7%	Биология 1.6%
Геометрия 27.8%	Казахский язык 1.6% (1 чел)	Информатика 1.6%
Физика 16.3%		

3.2% (2 чел) отметили, что им с большим трудом даются все предметы. Слабоуспевающие дети).

При чем учащиеся сами отвечают почему им с трудом даются данные

предметы: не математический склад ума, сложность в усвоении самих предметов, предметы сложные, требуют усилия и старания при выполнении учебных заданий, а также из-за своей несамостоятельности. «Всё просто, если выучить и разобраться» – отвечают дети.

3. Если учебный материал вам не понятен, обращаетесь ли вы за дополнительной помощью к учителю?

Да, обращаюсь – ответило 49,1% учащихся. Нет, стараюсь овладеть материалом самостоятельно 39,5% (ребята предпочитают сами разобраться по разным статьям и видео, используют конспекты в онлайн-мектеп и ресурсы интернета). В крайнем случае обращаются за помощью 11,4% учащихся. Ребята стараются обращаться по мере необходимости, чтобы не беспокоить учителя.

4. Педагоги учитывают Ваши индивидуальные особенности, дают ли вам дополнительное время для выполнения работы, учитывают чрезвычайные ситуации (сломался компьютер, закончился трафик, выключили свет)?

Да – 100% (61 человек)

Учителя понимают, что техника может иметь неполадки и иногда не отправляет задания. Если я или другой ученик моего класса не успевает выполнять задания, учителя дают ему дополнительное время.

5. Удовлетворены ли вы Балансом учебных нагрузок?

Да, удовлетворен – 50 человек 81,9%

Нет, перегружен – 11 человек 18,1%

Перегруженность учащиеся объясняют тем, что самостоятельно полноценно разбираться во всём материале сложно. Это сильно выматывает, надоедает.

6. Трудности, с которыми вы сталкиваетесь при дистанционном обучении (которые не позволяют вам освоить учебный материал)?

Нет трудностей – 24 человека 39,3%

Трудности, которые возникают:

1. Технические трудности (слабый интернет, слабый ноутбук, зависает образовательная платформа):

2. Не хватает визуального контакта, дисциплины, контроля:

3. Отсутствует мотивация обучения. Ответы на почти все задания находятся в достаточно лёгком доступе, что соблазняет многих в ущерб полученным знаниям (о чём некоторые и не думают) просто поставить правильные ответы и сэкономить своё время и силы.

Во время дистанционного обучения очень велик отвлекающий фак-

тор, мешающий сконцентрировать силы на обучении.

4. Сложно учиться.

Большие задания, быстрый срок сдачи не позволяет усвоить материал, так как нет времени на его полное усваивание и понимание, на какую-то тему уделялось мало времени.

В некоторых моментах отсутствие возможности применить на практике, например лабораторные работы и и.д.

5. Большое количество тестовых заданий.

На мой взгляд, по некоторым предметам (русский язык, литература, алгебра, геометрия) кроме тестового формата, нужна и практика в виде (сочинений, эссе, ментальных карт, письменных упражнений, решение задач и т.д.).

Таким образом, анализируя полученные результаты мы пришли к выводу, что успешность обучения напрямую зависит от позиции и особенностей деятельности педагога. Тем самым еще раз подтверждается положение о необходимости систематической работы по формированию позиции педагога в процессе его обучения в учебном заведении и профессиональной деятельности.

На основании полученных результатов мы разработали рекомендации для педагогов.

Рекомендации педагогам по повышению учебной мотивации школьников.

Для того чтобы повысить мотивацию учащихся необходимо использовать весь арсенал методов, организации и осуществления учебной деятельности: словесные, наглядные и практические методы, репродуктивные и поисковые методы, методы самостоятельной учебной работы и работы под руководством педагога.

1. Не зависимо от академической успеваемости учащегося, постарайтесь создать ситуацию успеха на уроке. Подкрепляйте даже незначительные успехи учащегося в учебе, так как для ребенка они значимы;

2. Демонстрировать учащимся собственную заинтересованность материалом, изучаемым на каждом конкретном учебном предмете;

3. Включать в объяснение примеры из жизненного опыта детей 5-11 классов;

4. По возможности старайтесь связать изучаемый материал с его использование в будущем, в конкретной деятельности.

5. Стараться на уроке обратиться к каждому ученику не по одному разу, а не менее 3-5 раз, т.е. осуществлять постоянную «обратную

связь» – корректировать непонятное или неправильно понятое;

6. Ставить оценку ученику не за отдельный ответ, а за несколько (на разных этапах урока);

7. Постоянно и целенаправленно заниматься развитием качеств, лежащих в основе развития познавательных способностей: быстрота реакции, все виды памяти, внимание, воображение и т.д. Основная задача каждого учителя – не только научить, а развить мышление ребенка средствами своего предмета;

8. Стараться, когда это, возможно, интегрировать знания, связывая темы своего урока, как с родственными, так и другими учебными дисциплинами, обогащая знания, расширяя кругозор учащихся;

9. Рассказ, лекция, беседа позволяют разъяснять учащимся значимость учения, как в общественном, так и в личностном плане – для получения желаемой профессии, для активной общественной и культурной жизни в обществе. Яркий, образный рассказ невольно привлекает внимание учеников к теме урока;

10. Общеизвестно стимулирующее влияние наглядности, которая повышает интерес школьников к изучаемым вопросам, возбуждает новые силы, позволяющие преодолеть утомляемость. Ученики, особенно мальчики, проявляют повышенный интерес к практическим работам, которые в этом случае выступают в роли стимуляторов активности в учении;

11. Ценным стимулирующим влиянием обладают проблемно-поисковые методы в том случае, когда проблемные ситуации находятся в зоне реальных учебных возможностей школьников, т.е. доступны для самостоятельного разрешения. В этом случае мотивом учебной деятельности учащихся является стремление решить поставленную задачу;

12. Неизменно воодушевляет школьников введение в учебный процесс элементов самостоятельной работы, если, конечно, они обладают необходимыми умениями и навыками для ее успешного выполнения. В данном случае у учащихся появляется стимул к выполнению задания правильно и лучше, чем у соседа.

В процессе обучения учителю важно учитывать и поддерживать в развитии познавательную потребность ученика: в младших классах – любознательность; в старших классах – потребность в творческой деятельности.

Психологические особенности подросткового возраста

А.В. ПЕТРЯКОВА

А.Ж. МУКАНОВА

Ведущий вид деятельности – общение со сверстниками.

Психологические задачи подросткового возраста – это задачи самоопределения подростка в трех сферах: психологической, сексуальной и социальной.

Потребности, влияющие на реализацию психологических задач подростка

- потребность в независимости и эмансипации;
- потребность в привязанности (дружбе, любви);
- потребность в успехе, в проверке своих возможностей;
- потребность в самореализации и развитии собственного «Я».

Развитие познавательных процессов у подростков

- Становление теоретического интеллекта (развитие абстрактно-логического мышления);
- Совершенствование практического мышления;

Основные характеристики формирования личности подростков

- Формирование системы личностных ценностей.
- Формируются волевые качества личности (целеустремленность, упорство, ответственность за свои действия), идет становление (развитие) характера;
- Развиваются деловые качества личности, организаторские способности;

Происходят **Психологические новообразования**

- чувство взрослости;
- привязанность к сверстникам, «кодекс товарищества»;
- интерес к собственной личности и положению в обществе;
- совершенствование воли и характера;

Содержанием психического развития подростка становится развитие его самосознания. Одной из важнейших черт, характеризующих личность подростка, является появление устойчивости самооценки и образа «Я». Недостатки внешности (реальные или мнимые) могут переживаться очень болезненно вплоть до устойчивого чувства неполноценности.

Ведущим мотивом поведения подростка является стремление найти свое место среди сверстников

Таким образом, подростковый период является очень ответственным, потому что он зачастую определяет дальнейшую жизнь человека. Утверждение независимости, формирование личности, выработка планов на будущее – все это формируется именно в этом возрасте.

«Подростковый комплекс»

Резко выраженные психологические особенности подросткового возраста получили название «подросткового комплекса».

«Подростковый комплекс» включает перепады настроения — от безудержного веселья к унынию и обратно — без достаточных причин. Подростки исключительно эгоистичны, считают себя центром вселенной. Они могут страстно любить и оборвать эти отношения так же внезапно, как и начали. Иногда их поведение по отношению к другим людям грубо и бесцеремонно, хотя сами они неимоверно ранимы.

Чувство взрослости подростка

Чувство взрослости, занимают одно из самых существенных мест, оно состоит в том, что он уже не хочет, чтобы его считали ребенком, он претендует на роль взрослого.

Отсюда стремление к «внешней взрослости», курении, употреблении спиртных напитков и т. д.

Границы подросткового возраста не устанавливаются четко, у каждого подростка они **индивидуальны**

Тинейджер – (13-19 лет). Герою романа Достоевского «Подросток» исполнилось 20 лет. Отрок – «не имеющий права говорить». Это понятие подчеркивает социальный статус человека. **Последние исследования показали: у подростков, в отличие взрослых, мозг характеризуется высокой пластичностью.** Особенно активно в этот период развиваются «импульсивная» лимбическая система, отвечающая за эмоции и чувство удовольствия.

Под воздействием половых гормонов лимбическая система становится невероятно чувствительной. Это заставляет подростка искать сиюминутных удовольствий и даже рисковать своей жизнью ради них. Получив желаемое, тинейджер испытывает настолько острые ощущения, что в следующий раз сопротивляться импульсу становится еще сложнее.

Здесь очень важно, чтобы префронтальная кора вовремя вступила в игру. Подростку для этого нужно приложить гораздо больше усилий, чем взрослому, ведь у тинейджера еще только формируется способ-

ность контролировать эмоции и поведение.

Мозг подростка одинаково поддается и позитивному, и негативному воздействию, поэтому оградить ребенка от некоторых ситуаций так же важно, как и помочь ему развить навык самоконтроля.

Воспитатели, зная о том, что управляющие функции префронтальной коры еще не до конца развились, не будут принимать близко к сердцу выкрашенные в ярко-оранжевый цвет волосы

Самая сложная задача педагога воспитателя – найти ключик к пониманию «трудного» подростка, способствовать созданию условий, при которых воспитанник захотел бы изменить свое поведение.

необходимо понимать, что за любым проблемным поведением воспитанника стоят определенные мотивы. Причем, одно и то же поведение может быть вызвано разными мотивами. Например, агрессивное поведение одного может быть вызвано стремлением к доминированию, развитием лидерских качеств, у другого – компенсацией повышенной тревожности. Соответственно, воспитательная стратегия в каждом случае будет выстраиваться индивидуально, исходя из понимания причин поведения ребенка. Таким образом, педагогам необходимо выяснить мотивы поведения «трудного» ребенка, т.е. понять его.

Чаще всего, сталкиваясь с проблемным поведением детей, многие педагоги испытывают достаточно разрушительные чувства: негодование, обиду, отчаяние, тревогу, страх, огорчение и др., которые парализуют творческий подход к выбору нестандартных стратегий педагогического поведения. Очень важно осознавать чувства и не позволять им управлять разумом. Умение педагога увидеть себя глазами ребенка, поставить себя на его место, задуматься не только о своих чувствах, но и о его чувствах – вот шаги, позволяющие принять «трудного» таким, какой он есть.

Итак, понять, принять, помочь – основа педагогического подхода к «трудному» ребенку.

В заключение хотелось бы отметить, что воспитание является динамическим, противоречивым, творческим процессом, при котором не может быть каких-либо застывших или одинаковых рекомендаций. Только индивидуальное обращение к личности ребенка, его интересам и увлечениям, принятие во внимание особенностей его развития поможет педагогам найти подход к «трудным» детям.

Позитивный настрой. Любое взаимодействие следует начинать с себя, особенно если оно связано со стремлением изменить другого человека.

Помощь младшим школьникам с задержкой психического развития

С. МАЗАНОВА

Для совершенствования учебно-воспитательного процесса необходимо улучшение работы с детьми, испытывающими трудности в обучении.

Достаточно распространенной причиной стойкой неуспеваемости младших школьников (до 50% случаев от числа всех слабоуспевающих) является задержка психического развития детей, обусловленных отклонениями в их нервно-психическом и физическом здоровье.

